

**Ыңбрай Г. М., 1-курс**

**Ғылыми жетекшісі: У. Ш. Шапак, ұлттық құқық жөнін мектебінің про-  
ректор-директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор  
(Казақ гуманитарлық-заң университеті)**

## **ҚҰҚЫҚТАҒЫ АҚТАНДАҚТАР**

Құқықтағы актаңдақ дегеніміз толық немесе жартылай белгілі бір қоғамдық қарым-  
қатынастардың аясында құқықтық қадағалаудың жетіспеушілігі, тәртіптік қадағалауды  
объективті түрде кәжет ететін және орындалуға міндетті заңды нормаларсыз дұрыс қызмет  
ете алмайтын нақты жағдай.

Құқықтағы актаңдақты реттелуіне қарай екі түрге бөлдік: нағыз актаңдақ және жалған  
актаңдақ.

Нағыз актаңдақ — бұл накты реттелетін қоғамдық қарым-қатынастар аясына кіретін  
катынастардағы құқықтың нормамың шынымен болмауы. Нағыз құқықтағы актаңдақ құ-  
қықтың тәртіптің реттелуінің басынан бастап немесе заң шығарушы органның жаңа қатынас-  
тардың пайда болуын алдын ала ескере алмагандығынан шығуы мүмкін.

Жалған актаңдақ — құқықпен реттелмейтін белгілі бір мәселе десек те, кейбір тұлғалар  
тобының ойынша құқықтың нормамен реттелуі тиіс деп саналатын актаңдақ. Мысалы,  
достық қарым-қатынастары, ата-ана мен бала арасындағы жеке қарым-қатынастар, махабbat  
т. с. с. Осы сияқты қатынастар құқықтың нормамен регламенттелмейді. Әдетте, мұндай тү-  
сініктер құқықта бейхабар адамдарға тән.

Құқықтағы актаңдақты анықтау барысында зерттеледі:

- 1) істегі құқықтың жүйенің мазмұны;
- 2) нормативті акттердің пайда болуын қамтасамсыз ететін немесе оның шығарылуын  
кәжет ететін, материалды қоғамдық қатынастар;
- 3) акт шығарумен байланысты таптық-еріктік қатынастар;
- 4) мемлекеттік органдардың құқық шығармашылық әрекеті;
- 5) құқық қолдану практикасы;
- 6) құқықтың сана (құқықтың идеология мен психологияның жиынтығы).

Актаңдақ — құқықтағы ерекше қателік болып табылады. Өйткені, басқа қателіктерге қа-  
рағанда, ода анық саяси немесе лоббистикалық қүші жоқ. Ол, заң шығарушының зейінсіз-  
дігінен немесе юридикалық техникалық ережелерді асыра пайдаланғандығынан, жайғана  
мәтіннің қалдырылып кетуі сияқты көрінеді. Актаңдақ туралы сотқа шағым арыз беруге  
болмайды, олай болған жағдайда сол заңнамаға толық тексерту жүргізу керек болады немесе  
ол құқық қолдану практикасында киындық тудыруы мүмкін. Құқықтағы актаңдақ, заң шығар-  
машылық қателік бола тұра, оның орнын толтыру немесе жою туралы басқа дара шешім  
табуды қажет етеді.

Актаңдақты толық жоюдың бірінші және негізгі жолы — жаңадан норма қабылдау. Бұл  
жол заңнаманың нығаюына және заң шығарушы органдардың беделінің өсуіне мүмкіндік  
береді. Бірақ ол тым ұзаққа созылады, өйткені заң шығарушы үздіксіз және шұғыл түрде ак-  
таңдақтардың орнын толықтыра алмайды. Ол қалдырылып кеткен нормалардың орнын  
мәндісінен бастап, бірте-бірте жояды. Актаңдақтар үнемі пайда болып отырады, сондықтан  
оны қолма-қол толықтырып, женіп отыру керек. Ал екінші жолы — аналогия болып та-  
былады.

Заң аналогиясы — екі жақтың арасындағы дау азаматтық құқықтың нормамен де, екі  
жақтың келісімімен де реттелмеген кезде қолданылатын әдіс; шиеленіске қатысушылардың  
арасындағы қатынасқа анақтылық енгізеді.

Заң аналогиясын қолдану келесі заныңдықтармен қамтамасыз етіледі:

- 1) ол құқықта ақтаңдақтың бар екені анық көрсетілген кезде қолданылады;
- 2) басты белгілері бойынша ең жақын норма қолданылады;
- 3) қарастырылып жатқан істің негізгі белгілері мен құқықтық нормаларында жақын және маңызды ұқсастықтары болуы керек, ал айырмашылықтары іске қатысы болмауы керек;
- 4) істер қатаң түрде тек қана аналогия қолданылатын норма шегіндеға шешілуі керек;
- 5) норманың мазмұны бойынша мағынасының жақындығы, институттың және құқық саласының жалпы жағдайы мен принциптері ескерілу керек.

Құқық аналогиясы — құқықтық жалпы принциптердің негізінде (заң шығарушының жалпы бастамасынан және мағынасынан шығатын) юридикалық істің шешімі. Құқық аналогиясында келесі шарттар сақталады:

- а) бұл істің жалпы құқықтық реттелуінің болуы;
- ә) адекватты юридикалық норманың болмауы;
- б) аналогиялық норманың болмауы.

Корыта келе, құқықтағы ақтаңдақты жоюдың екі түрлі шешімін ұсына аламыз. Олар:

- мемлекет тарапынан заң шығарушы органдардың мінсіз, бірде бір кемшіліксіз занама шығару. Бірақ біздің білуімізше ол мүмкін емес. Себебі, уақыт өте заман өзгереді, заман өзгеруіне орай үнемі жаңадан қоғамдық қарым-қатынастар пайда болып отырады, ал заң бойынша бұл жаңадан пайда болған қатынастар құқықтық тәртіппен реттеліп отыруы керек.
- англо-саксондық құқықтық жүйесіне тән прецедент институттың Қазақстан Республикасының сот жүйесіне енгізу.

Прецедент дегеніміз бұдан бұрын орын алған және осы кездегі ұқсас әрекеттерге үлгі немесе негіз боларлықтай оқиға, жағдай, әрекет. Яғни, ұқсас жағдайлар туындаған кезде, үлгі ретінде қарастырылатын белгілі бір жағдайдарғы тәлім-жосық. Яғни біздің ұсынып отарғанымыз ол — англо-саксондық құқықтық жүйеден Қазақстан Республикасының романо-германдық құқықтық жүйесіне сот президенті сияқты тиімді тәлім-жосықтарды енгізу.